

**Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін айқындау туралы**

*Күшіні жойған*

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 қаңтардағы № 44/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 қаңтарда № 7055 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 2/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 15.02.2021 № 2/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" 2018 жылғы 23 қарашадағы № 39/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6865 тіркелген, 2018 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*Р.Салтаев*

*Аудандық мәслихат  
хатшысы*

*С.Ағымбаева*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Есіл ауданының әкімі*

*Т.Ерсейітов*

**18 қаңтар 2019 жыл**

Есіл аудандық мәслихатының  
2019 жылғы 18 қаңтардағы

## **Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері 1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған Есіл ауданының отбасыларына (азаматтарына), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға) беріледі.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 06.03.2020 № 66/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 06.03.2020 № 66/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. "Есіл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30

желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асырады.

4. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Ереженің 4-тармағына сәйкес құжаттарды береді.

Тұрғын үй көмегі құжаттарды берген айдан бастап толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады, мыналарды қоспағанда:

жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтер, үй) бар немесе тұрғын үйін жалға (қосымша жалға) беретін обасыларды (азаматтарды);

еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істемейтін, күндізгі оқу нысанында оқымайтын, әскерде мерзімді қызмет өтпейтін және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген (медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес күтімге мұқтаж тұлғаларға күтімді жүзеге асыратын азаматтардан басқалары) отбасыларды (азаматтарды).

Аса көтерілген немесе заңсыз тұрғын үй көмегін тағайындауға апарып соқтыратын көрінеу күмәнді мәлімет ұсынған кезде, меншік иесі (жалдаушы) заңсыз алынған соманы ерікті түрде, бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарады.

5. Уәкілетті орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

6. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру тиісті қаржы жылына аудан бюджетінде көзделген қаржы шегінде жүргізіледі.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

**7. Алынып тасталды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 06.03.2020 № 66/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Тұрғын үй көмегінің мөлшері осы мақсаттарға отбасының (азаматтың) коммуналдық қызметтерге жұмсаған шығыстарының нормалары мен шекті жол берілетін сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

9. Отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің 11 % мөлшерінде белгіленеді:

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды;

коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 06.03.2020 № 66/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

10. Жекешелендірілген тұрғын жайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

11. Өтемақы шараларына жататын тұрғын үй көлемнің нормасы бір адамға 18 шаршы метр болып қабылданады. Жалғыз тұратын азаматтар үшін өтемақы шараларына жататын тұрғын үй көлемінің нормасы 30 шаршы метр болып қабылданады.

12. Жылумен қамтамасыз ету, кәріз, қоқысты шығару және сумен қамтамасыз ету қызметтерін тұтыну жөніндегі шығыстар үшін өтемақы коммуналдық қызмет жеткізушілері ұсынған төлем құжаттарының негізінде алдыңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша төленеді.

13. Өтемақы шараларына жататын, электр қуатының шығысы нормасына айына бір адамға 101 киловатт/сағат болып қабылданады.